



ҚҰРБАН АЙТ - құтты мереке



Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы, бас мүфти
ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ



ББК 86.38

Д 33

**ҚАЗАҚСТАН МҰСЫЛМАНДАРЫ
ДІНИ БАСҚАРМАСЫНЫҢ САРАПТАУ
КОМИССИЯСЫ МАҚҰЛДАҒАН**

ДЕРБІСӘЛІ ӘБСАТТАР ҚАЖЫ

Д 33 Құрбан айт - құнды мереке, - Алматы:
«Көкжиек-Б» баспасы, 2008. - 36 бет

ISBN 9965-809-43-7

Бұл шағын кітапша халыққа құрбан айт туралы және Аллаһ разылығы үшін құрбан шалудың маңыздылығын үйретуге негізделген.

Құрбан айт жайлы кең мәліметтерді қамтитын кітапша қалың жұртшылыққа арналған.

ББК 86.38

ISBN 9965-809-43-7

© «Көкжиек» баспасы, 2008





ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ

*«Сен де
Раббың үшін
намаз оқы
және құрбан
шал!»*

(Кәусар сүресі)



Құрбан – араб тілінде «жақын-дау» дегенді білдіреді, яғни жасаған сауап істер арқылы жүректі тазартып, Аллаһқа жақындай түсу. Ал шариғаттағы терминдік мағынасы – «шарттарымен санаса отырып құлшылық ниетімен мал бауыздау» дегенге саяды. Құрбан айт күндері (алғашқы үш күні) шалынатын мал «үдһия» деп аталады.

Құрбандық шалудың мәнісінің кеңдігін ұғыну үшін діннің не екенін, құлшылықтың не үшін жасалатынын жақсы білген жөн. Мына кең-байтақ ғаламды жаратқан құдіретті Ие жер бетіндегі саналы пенделерін бекерге жаратпаған. Олардың қоғам құрып, дұрыс өмір сүруі үшін тура жол көрсетіп дін жіберген. Қасиетті кітабы Құранда **«Мен жындар мен адамдарды (Мені танып), маған ғана құлшылық жа-**

сасын деп жараттым» (Зариат сүресі, 56-аят) деп білдірген. Демек, құлшылық жасаудың түп мәні – Жасаған Иенің жарлығына бағыну, разылығына ұмтылу, сауап жинау.

Құрбандық шалу тек мал бауыздаумен ғана шектелмейді. Онда адамның ішкі ниеті, шын пейілі, дінге бекемдігі, тақуалығы, басқаларға жанашырлығы таразыға түседі. Сондай-ақ пенденің пендешілігі мен мәрттігі, сараңдығы мен жомарттығы да сыналады.

Мұсылман адам қара бастың қамын ғана ойламауы тиіс. Өзім ғана ішсем, жесем, өзім тоқ болсам болды, басқалар не болса ол болсын деген түсінік оған жат. Өйткені *«Көршісі аш кезде өзі тоқ түнеген адам бізден емес», «Өзіңе тілеген жақсылықты басқаға да тілемейінше шынайы мұсылман бола алмайсың», «Мұсылмандар бір дене тәрізді, бір жері ауырса, басқа мүшелірінің де мазасы кетіп, ұйқысы қашады»* деген Пайғамбарымыздың (саламалық алейһи уәсәлләһи) хадистері күллі мұсылман жұртшылығын бір-біріне жанашыр болуға, қамқорлық жасауға, қиналғандарға көмектесуге, жағдайы нашарларға қарасуға, өзара мейірімді болуға шақырады.

Құрбан айт – мұсылмандардың ұлық мерекесі. Ол күні Аллаһ разылығы үшін мал шалынып, ақ түйенің қарны жарылатын күн. Қажылық өтеушілер Қағбаға жүзін қаратып, Арафатта жалбарынып, дұға оқиды. Дүйім мұсылман баласы пайғамбарлардың ісін қайта жаңғыртып, Аллаһ жолында құрбандық шалу арқылы бір-бірін дінге беріктік танытуға шақырады.

Құрбандық шалудың үкімі

Қадірі асқан құрбан айтта құрбандыққа мал шалу – Ханафи мәзһабында (шамасы жеткендерге ғана) уәжіп.

Уәжіптігінің аят-хадистердегі дәлелдері төмендегідей:

Аллаһ тағаланың Құран Кәрімде: **«Намаз оқы және құрбан шал»**¹ – деп бұйыруы құрбан шалудың уәжіптігін білдіреді.

Пайғамбарымыз (саламалық алейһи уәсәлләһи) **«Кімде-кім мүмкіншілігі бола тұра құрбан шалмаса, біздің намаз оқитын жеріміз-**

¹ Кәусар, 108/3.

ге жақындамасын!»² – деп бұйырған. Әрине, бұндай қатаң ескерту, кем дегенде, құрбан шалудың уәжіптігін білдірсе керек.

Пайғамбарымыздың (саллалалһу алайһи уасаллам) «Құрбан шалыңдар! Өйткені ол Ибраһим бабаларыңның сүннеті», – деуі құрбан шалудың уәжіптігіне қайшы емес. Өйткені хадисте айтылған «сүннет» – жол деген мағынаны білдіреді. Яғни, бізге уәжіп ретінде міндеттелген құрбан шалу – Ибраһимнің (а.с.) жалғаса келген жолы деген мағынаны меңзейді.

Сондай-ақ, құрбандық шалуға байланысты мынандай аяттарды келтіруге болады: **«Әрі барша адамдарды қажылыққа шақыр, олар жаяу немесе ұзақ жерден арып-ашып, түйемен саған келсін. Келгесін олар мұның өздеріне тигізген түрлі пайдаларын көрсін. Алладан өздеріне ризық ретінде берілген құрбандық малдарды белгілі күндерде Алланың атын айтып, құрбандық шалсын. Оның етінен өздерің де жеңдер, жоқ-жітікке де жегізіңдер!»** (Хаж сүресі, 27-28).

Құрбандық шалу кімдерге уәжіп?

Төмендегідей төрт шартқа ие жандарға құрбан шалу уәжіп:

1. Мұсылман болуы;
2. Ақылды және балиғат жасына толуы;
3. Құрбан айт уақытында жолаушы болмауы;
4. Негізгі қажеттерден тыс нисап мөлшеріндегі қаржыға ие болуы;

Нисап мөлшері – 85 грамм алтын яки соның құнына тең келетін ақша. Зекет ғибадаты сияқты құрбанның уәжіп болуы үшін нисап мөлшеріне жеткен малға бір жыл толу шарт емес. Құрбан шалған уақытта міндетті түрде ниет ету керек. Өйткені, малды ғибадат үшін соятыны секілді, тек қана еті үшін де союға болады.³ Мұндай байлық мөлшері қолында жоқ адамдарға құрбандық шалу міндет болмағанмен жағдайы келсе құрбандық шалуына рұқсат.

² Ибн Мажә, Әдахи 2; Мүсиәд, 2/321

³ М. Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы, Ислам ғылымхалы, «Нұр-Мүбәрәк» баспасы, Алматы, 2008, 397-б.



ҚҰРБАҢДЫҚ ШАЛУДЫҢ қысқаша тарихы және айт ретінде бекітілуі

Кұран Кәрімде өзара таласқан Абыл мен Қабылдың⁴ кімнің ақтығын анықтау үшін құрбандық мал шалғандары, соңында Абылдың құрбандығының қабыл болғандығы айтылады⁵. Осы оқиғадан бастау алған құрбандық шалу Аллаһқа ғибадат ретінде Жаратқанның елшілері арқылы арқылы жүздеген жылдар бойы жалғасып, Ибраһим (а.с.) мен Исмаилдың (а.с.) дәуіріне дейін келіп жетті.

Ибраһим мен баласы Исмаилдың құрбандық оқиғасы

Ибраһим (а.с.) пайғамбар өзінен кейін халықты тура жолға бастайтын ізгі ұрпақ сұрап, көп жыл бойы Аллаһ Тағалаға жалбарынған-ды. Бұл тілегі әбден қартайып, ұрпақ сүюден үміті үзілген қарттық шағында қабыл болмасы бар ма?! Зарыға күткен перзенті сондай тәтті, қылықтары да тым сүйкімді. Өзіне қолғабыс етуге жарап, қуанышы мен көзайымына айналған кез еді.

Күндердің бірінде Ибраһим пайғамбар түсінде баласын құрбандыққа шалғалы жатқандығын көрді.

Өз бауыр етің балаңды өз қолыңмен өлімге қайтіп қиярсың?! Мына түстің мұншалықты мысымды басқаны несі?! Белгінің Жаратушыдан келгеніне көз жеткізген Ибраһим пайғамбар бұл белгіні орындауға бекемденді. Не

⁴ Адам атаның (а.с.) екі ұлы

⁵ Мәида, 5/27

де болса нар тәуекел! Аллаһтың берген жаны Аллаһқа аманат.

Баласына мейірлене көз тастады. Көңілі толқып, жүрегі елжіреп қоя берді. Өттең-ай, бала деген мұншалықты ыстық болар ма?! Жоқ! Шайтанның азғыруына көнбеген жөн. Ұлы Жаратушы әмірі қайткенде де сөзсіз орындалуы тиіс. Көңілін көптен қобалжытқан жайды баласына ретін тауып айтпақшы болып оқталғаны сол еді, тұтығып, тілі күрмеле берді. Ақыр соңында тәуекелге бел буды. «Балам, түсімде Аллаһтың әмірімен сені құрбандық шалуға ниеттеніп, бауыздайын деп жатыр екем. Бұған не дерсің?»- дейді. Баласы әкесінің ойын түсінді. Жүзіне тесіле қараған күйі: «Әкетай, еш тартынба! Хақ Тағаланың бұйрығын не болса да орында. Мен де сабырлылық, шыдамдылық танытармын. Тәуекел ет», - деді қасқая.

Әке мен бала бұйрықтың басқадан емес, Ұлы Жаратушыдан келгенін жете ұғына білді. Сол үшін де қыңқ деместен, кессең мойным міне деп пышаққа түсті. Өттең, қанша қайралса да пышақ өтпей қор қылды. Сонда да жалтармады. Аллаһтың әміріне толықтай мойынсұнды. Соңында сынсынақтан да сүрінбей өтті-ау. Аллаһтың өзі аян білдірді:

«Әй, Ибраһим! Сен көрген түсіңе адалдық таныттың. Міндетіңді орындадың. Исмайылдың орнына құрбандық ретінде шаларсың деп қошқар түсірдім. Біз жақсы құлдарды осылайша марапаттаймыз!» Иә, Аллаһ Тағала сынағаны болмаса Исмайылды құрбандыққа шалуды қаламады. Ол тек Ибраһим пайғамбардың өзіне адалдығына, әмірін қалтқысыз орындауына тәнті болуды қалады. Нағыз тәуекел ете білудің үлгісін паш етті. Әйтпесе, Аллаһ Тағалаға сойған малдардың еті мен жүні де қажет емес екені белгілі. Аллаһ Тағалаға құлының ақ-адал ниеті мен кең пейілі-ақ жеткілікті. Иә, солай. Қартайып көрген қызығы,



*«Құрбан шалыңдар!
Өйткені ол Ибраһим
бабаларыңның сүннеті»*

жалғыз тұяғы, асылдың сынығы, құлдығы Исмайыл үшін Ибраһим (а.с) нені де болса құрбан етуге бар еді. Өйткені, оны өте қатты жақсы көретін. Ал Аллаһқа деген махаббат балаға деген махаббаттан әлдеқайда басым болуы керек еді. Аллаһ соны ұқтырды. Аллаһ жолында, Аллаһтың үкімін орындауда басқа дүниелік ештеңенің оның орнын баса алмайтындығын көрсетті. Бұл сынақтардың ең ауыры еді. Бірақ ең мағыналысы да.⁶

Ибраһим пайғамбардың кезінде құрбан шалу қажылықтың бір шарты ретінде сүннетке айналып, соңғы елші хазірет Мұхаммедке де (салауаллау алейһи уасаллам) жетті. Осы кезден бастап құрбан шалу қажылықтың бір рәсімі ғана емес, бүкіл мұсылман жұртшылығына ортақ құлшылықтың түріне айналды.

Мекке кезеңінде түскен «Кәусар» сүресінде **«Расында біз саған Кәусарды бердік. Ендеше, сен де (осы жақсылыққа шүкіршілік ретінде) Раббың үшін намаз оқы және құрбан шал»**⁷ деген бұйрық бар. Осы бойынша дұха (сәске) намазын⁸ оқу және құрбан шалу әуелі Пайғамбарымыздың (салауаллау алейһи уасаллам) жеке өзіне парыз етілген болатын⁹.

Хазірет Ибраһимнен (а.с.) бері келе жатқан қажылықта орындалатын құрбан (һәди) шалу Аллаһ елшісі (салауаллау алейһи уасаллам) Мәдинаға қоныс аударғаннан кейін, хижраның екінші жылы қажылықтан тыс мұсылмандарға да (удхия құрбаны) міндеттелді¹⁰. Осы күндері айт намазын оқу және құрбан шалу уәжіп ретінде бекітілді.

Пайғамбарымыз (салауаллау алейһи уасаллам) Мәдинаға қоныс аударып келгенде, жергілікті халықтың бұрыннан келе жатқан екі мерекесі бар еді. Пайғамбарымыз (с.а.с.) ол мерекелердің мәнін білуге құмартты. Олар бұрынғы жәһилия кезінен бері осы күндеріде мерекелеп, көңіл көтеретіндіктерін айтты. Сонда Пайғамбарымыз (салауаллау алейһи уасаллам): **«Аллаһ тағала осы**

⁶ «Құрбан айт» кітапшасы, 2007ж.

⁷ Кәусар, 108/1-1-2

⁸ Күн найза бойы көтеріліп тас төбеге жеткенге дейінгі кезеңде оқылатын нәпіл намаз

⁹ Зейлаи, Насбур-раиә, 4/206

¹⁰ Әбу Дауд, Адахи 1; Нәсәи, Дахаиа 2; Муата, Тахара 113



екі мерекенің орнына одан да артық екі мейрам сыйлады, олар: құрбан айт пен ораза айты»¹¹, – деп ендігі жерде мұсылмандардың мерекесі осы екі күн екендігін ұқтырды.

Кезінде Ибраһим (а.с.) пайғамбар сүйікті ұлы құрбандықтан аман қалғанда қуанып, осы күні мерекелеп, өзіне түсірілген қошқарды құрбандыққа шалғандығын жоғарыда атап өттік. Ал, адамзаттың ардақтысы Мұхаммедке (салалалау алайһи уасаллам) еркек кіндіктінің орнына «Кәусар»¹² берілгендігі әрі сол үшін шүкір ретінде намаз оқып, құрбандық шалу арқылы осы күнді атап өту керектігі аят арқылы білдірілген. Яғни, Ибраһим пайғамбарға өзінен тарайтын екі ұрпақ берілсе¹³, Аллаһ елшісіне (салалалау алайһи уасаллам) иман жолы арқылы шынайы ұрпағы, яғни үмбеті сый ретінде берілді. Кәусардың мағынасы «үмбеттің көптігі» дегенге саятындықтан, бұл жоғарыда айтылған сөзге нақты дәлел бола алады. Ұрпағын жалғастыратын Пайғамбарымыздың (салалалау алайһи уасаллам) өз ұлдары шетінеп кете бергенімен, миллиардтаған үмбетінің өзі оған шынайы ұрпақ болды¹⁴.

¹¹ Әбу Дауд, Салат 239,245; Нәсәи, Ыйдәйн 1; Ахмад ибн Ханбал, Муснәд, 3/103

¹² Кәусар - араб тілінде «көп, мол» дегенді білдіреді. Осыған байланысты кейбір тәпсір ғалымдары аяттағы «кәусар» сөзін мұсылман үмметінің көптігі деп түсіндірсе, кейбір ғалымдар жұмақтағы «кәусар» атты өзен деп тәпсірлеген.

¹³ Ысқақ пен Исмайыл

¹⁴ М. Хуб, Хер йөнииле құрбан, Измир, 2006, 32-33-б.



ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ ПАЙДАЛАРЫ МЕН ХИКМЕТТЕРІ

а) Аллах Тағаланың әмірлерін қалтқысыз орындау пендені Жаратушының ризашылығына бөлеп, ақыретте сыйсыпатқа кенелтеді. Құрбан шалу да - Аллах Тағаланың арнайы бұйрығы. Сол себепті бұл бұйрықты шын ықыласпен атқарушы Раббысының ризашылығын алып, ақыретте жүзі жарқын болады, мол сауап иеленеді. Пайғамбарымыз хадисінде бұл ақиқатты былай деп түсіндіреді: *«Адам баласы құрбан айт күні (құрбан шалып) қан ағызудан да сүйікті басқа іспен Аллаһ Тағалаға жақындаған емес. Қаны ағызылған мал қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай жатып, Аллаһ Тағаланың құзырында үлкен мақамға жетеді. Сондықтан құрбандарыңды көңіл ризашылығымен шалыңдар»*¹⁵.

Пайғамбарымыз (салауаллаһу алейһи уасаллам) басқа хадистерінде Аллаһ ризашылығы үшін шалынған құрбанның әрбір қылшығы үшін сауап бар екенін былай деп сүйіншілеген: *«Сахабалар Расулімізге (салауаллаһу алейһи уасаллам):*

– *Уа, Аллаһтың Елшісі, құрбандық деген не? – деп сұрақ қойды.*

– *Құрбандық – сендердің Ибраһим (а.с.) бабаларыңның сүннеті, – деді.*

– *Одан бізге қандай сауап бар?*

– *Әрбір тал қылшығы үшін сауап аласыңдар.*

– *Қойдың жүнінен ше?*

– *Қойдың жүнінің әрбір тал қылшығына да сауап жазылады»*¹⁶.

¹⁵ Тирмизи, Адахи, 1.

¹⁶ Ибну Мажә, Сәуәбул-адахи, 3118.

Аллаһ разылығы үшін риясыз көңілмен сойылған құрбандық мал ақыретте қылдай жіңішке, қылыштай өткір Қылкөпірден өтерде иесіне көп көмектеседі. Пайғамбарымыз бұл жайында өз хадисінде былай дейді: «Құрбандыққа малдың ең жақсысын, көзге жұғымдысын таңдаңдар, өйткені ол – Қылкөпірден өтердегі өз көліктерің».

Шындығында, Аллаһ Тағала біздің шалған құрбандарымыздың ағызылған қанына немесе етіне мұқтаж емес. Біздің шалған құрбандарымыздың еті немесе қаны Аллаһ Тағаланың құзырына жетпейді. Бірақ біздің оның әмірін ләббайк деп құлдық ұрып орындауымыздағы ықылас-ниетіміздің Аллаһ Тағалаға жетіп, ризашылығына себеп болары сөзсіз. Бұл шындықты Құран Кәрім былай деп баяндайды: **«Олардың (құрбан малдарының) еттері де, қандары да Аллаһ Тағалаға жетпейді. Бірақ Оған сендердің тақуалықтырың ғана жетеді».**

ә) Құрбан шалу – Ибраһим пайғамбарымыздан (а.с.) жалғасып келе жатқан сүннет. Иә, Ибраһим пайғамбарымыз (а.с.) Аллаһ Тағалаға әміріне мойынсұнып, бауыр еті баласы Исмайылды Ұлы Жаратушысының жолында пида ете алатындығын паш ету арқылы, қиын сыннан өткен еді. Міне, құрбан шалу сол бір ғибратты оқиғаның ұмытылмас көрінісі.

б) Адам баласы құрбан айтта құрбан шалу арқылы Ұлы Жаратушысының өзіне берген сансыз нығметтерінің шүкірін өтеп, күнәларына кешірім тілейді.

в) Табиғатында өзімшілдік, сараңдық, дүние-қоңыздық секілді жағымсыз қасиеттері бар адам нәпсісі құрбан айтта тек қана Аллаһ Тағаланың ризашылығын ойлайды. Бір малын қиып, кедей және мұқтаж бауырларына жәрдем беру арқылы жаман қылықтарын бауырмалдық, жомарттық, кішіпейілдік секілді жақсы қасиеттермен алмастырады.

г) Дүние жүзінде жыл сайын миллиондаған мал сойылып жатады. Бірақ сол сойылған малдың еттері кедей-кепшіктердің бәріне жете бермейді. Міне, құрбан айтта осы кедей, жағдайы нашар адамдардың жағдайы ойластырылады. Ең болмаса бір тойындырып, олардың жүзіне шаттық

сыйлайды. Әр күні кіжінумен өткен көңілі сынық кедей байғұсқа мұсылмандық жанашырлық танытып, қол ұшын беру қандай ғанибет! Аллаһ Тағала ақыретте бәріміздің жүзімізді жарқын қылып, көңілімізді шаттандырсын! Әмин!¹⁷

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУ – берекетке себен

Аллаһ тағала былай дейді: **«Әрі барша адамдарды қажылыққа шақыр, олар жаяу немесе ұзақ жерден арып-ашып, түйемен саған келсін. Келгесін олар мұның өздеріне тигізген пайдаларын көрсін. Алладан өздеріне ризық ретінде берілген құрбандық малдарды белгілі күндерде Алланың атын айтып, құрбандық шалсын. Оның етінен өздерің де жеңдер, жоқ-жітікке де жегізіңдер!»** (Хаж сүресі, 27-28).

Байқасақ, аятта құрбандыққа шалынатын малдың Аллаһтан берілген несібе екендігі айтылуда. Айт күндері құрбан шалу – ғибадат. Ал құрбандық шалудағы ең маңызды жайт оны – Аллаһқа арнап сою. Ниеттің адалдығы жай ғана істің өзін ғибадатқа айналдырады. Құрбандыққа шалынған мал – Жаратушының берген рызығы болғандықтан етін сол жанұя мүшелерімен қоса кедей-кепшіктер де жейді. Күнделікті өмірде жағдайы тым нашар адамдардың бар екенін ұмытпаған жөн. Аштықтан өліп жатқандардың жай-күйін күнделікті, газет-журналдардан, бұқаралық ақпарат көздерінен де байқасаңыз болады. Бір күндік өміріне талшық етерлік ас таппай жүрген жандар да жоқ емес. Сондықтан мұсылман ғалымдарының айтуынша, шалынған құрбанның етінен жеу – мұстахап, мұқтаж жандарға үлестіру – уәжіп. Әбу Ханифаның айтуынша, жеуге де, таратуға да болады, алайда ол уәжіп емес. Бұйрық түрі үнемі уәжіптікті талап етпейді. «Пақырды тойдырыңдар» деген бұйрық байларға берілмесін деген мағынаны білдірмейді. Өйткені сахабалар құрбанның етін бай, кедей көрші-қолаң мен туыстарына да беретін. Осы тұрғыдан қарағанда, құрбандық шалатын айт күндері шалынған миллиондаған құрбанның еттері бай-кедей, жетім-жесір, кедей-кепшік, жас-кәрі, әйел-ерке-


¹⁷ «Құрбан айт» кітапшасы, 2007ж.

гімен бүкіл адамзатқа сый ретінде қабылданып, осы үлкен жақсылықты нәсіп еткен Раззақ (шынайы Рызық беруші) жаратушыны естен шығармай, бұл мереке кең көлемде аталып өтілуі тиіс.

ҚҰРБАНДЫҚ ШАЛУДЫҢ

негізгі мәні мен маңызы

- * Құрбан шалу – мұсылмандықтың рәмізі.
- * Құрбан шалу – ұлы ғибадат.
- * Жүректі дүниеқұмарлықтан, сараңдықтан аластатады.
- * Құрбан шалудың қоғамдық пайдалары да мол.
- * Құрбан шалу – құл екендігіміздің, дінге бекемдіктің белгісі.
- * Құрбан шалу – Аллаһты еске алу әрі шүкір ету.
- * Құрбан шалу – Аллаһтың жомарттығына құлдардың да қайтарым жасауы.
- * Құрбан шалу – Аллаһқа деген сүйіспеншіліктің белгісі.
- * Құрбан шалу шаңырақты берекеге бөлейді.
- * Құрбан шалу бәле-жалаларды аластатады.
- * Құрбан шалу Аллаһты ұлықтауды әрі мұсылмандарың бір-біріне деген жанашырлығын білдіреді.
- * Құрбан шалған адам өзінің діни міндетін орындаған болып табылады.
- * Құрбан шалу мүмінді ақыретте мол сауапқа кенелтеді.
- * Құрбан шалу – күнәлардың кешіріміне себеп.
- * Құрбан шалу – баршаға әсіресе кедейлерге жасалған жанашырлық.
- * Құрбан шалу бай мен кедейдің арасын жақындастырады.
- * Құрбан шалу – қоғамдағы татулық пен ынтымақтың ұйытқысы.
- * Құрбан шалу – мұсылмандардың бір-біріне қол ұшын созып тұруының, бауырмашылдығының белгісі.
- * Құрбан шалу қоғамды игілікке, ізгілікке бастайды.
- * Құрбан шалу кедейлердің қабағын ашады, тағдырға өкпе артқызбайды.
- * Құрбан шалу көрші ақысын еске салып, татулыққа бастайды.
- * Құрбан шалу мал шаруашылығына көңіл бөлдіреді.



Қазіргі таңда құрбандық шалудың маңызы

Бұрынғы кезге қарағанда біз бүгінгі күні діни құндылықтарымызды насихаттауға, құрбандық шалу дәстүрімізді жандандыруға, қоғамда қайырымдылық шараларының көптеп ұйымдастырылуына анағұрлым көбірек мұқтажбыз. Оның төмендегідей өзіндік себептері де жоқ емес:

- ☞ Жеке адам тұрғысынан ғана емес, жанұялық, әлеуметтік, экономикалық, тіпті бұл дүние мен о дүниенің игілігіне бөлену тұрғысынан құрбандық шалу ислам дініндегі міндет екенін мұсылмандардың сана-сезіміне мықтап орнықтыру;
- ☞ Аллаһ тағалаға ең ұнамды ғибадат болғандықтан уәжіп ретінде бір ғана құрбандық союмен шектелмей, нәпіл құрбандықтар қоса шалып, осы ізгі істің өрісін кеңейту, сауабын арттыра түсу;
- ☞ Еліміздің ертеңі үшін иманды да салауаты ұрпақтың өсіп жетілуі жолында сапалы шәкірт тәрбиелейтін ілім ордalarına, діни сауат ашу мақсатында қызмет атқаратын білім ошақтарына қолдау білдіруге шақыру;
- ☞ Құрбандық шалудың мұсылмандық міндет екенінен бейхабар жандарға ұқтыру;
- ☞ Мүмкіндігі жоқ кісілердің атынан да Пайғамбарымыз секілді құрбандық шалып сүннетті орындау;
- ☞ Құрбандыққа шалынған малдардың еттерін тарату арқылы бүкіл адамзаттың жүрегінде асыл дініміз исламға деген жылылық сезімін ояту;
- ☞ Аллаһ тағалаға керегі құрбандықтың еті не қаны емес, құлының ниеті екенін жақсы білу.



ЖОҚ-ЖІТІКТІҢ АТЫНАН

құрбан шалу – сүннет

Сахабалардың айтуына қарағанда, Пайғамбарымыз (саллаллаһу алайһи уасаллам) құрбандық шалуға жағдайы жоқ адамдардың атынан да мал сойған.

Бұл жайлы Жабир (р.а.) былай дейді:

«Хазірет пайғамбармен бірге мешітте едім. Құтпасын бітіріп мінберден түсті. Сосын құрбандық қошқарды өз қолымен бауыздады. Бауыздап жатқанда: *«Бисмиллаһи, Аллаһу акбар! Бұл менің атымнан және үмбетімнен құрбан шалуға шамасы жетпегендердің атынан», – деді»*¹⁸.

Жабир (р.а.) арқылы жеткен тағы бір хадисте өзінің және үмбетінен жағдайы келмейтін жандардың атынан Пайғамбарымыздың екі құрбандық шалғандығы да айтылады¹⁹.

Сондықтан да жағдайы бар мүминдер ардақты пайғамбарымыздың ұмыт болып бара жатқан осы бір сүннетіне қайта жан бітіруге тырысқаны жөн²⁰.



*«Бисмиллаһи,
Аллаһу акбар!
Бұл менің атымнан және
үмбетімнен құрбан
шалуға шамасы
жетпегендердің
атынан»*

(Хадис)



¹⁸ Тирмизи, Өдәһи 22.

¹⁹ Өбу Дауд, Дахаиа 4; Тирмизи, Өдахи 21; Ибн Мажа, Өдахи 1

²⁰ М. Хуб, Хер йөнииле құрбан, 114-116-б.

НИЕТТІҢ ДЕ САУАБЫ БАР

Мүмин амалымен жете алмайтын сауапқа ниеті арқылы жетеді. «Әркімнің ісі ниетіне қарай бағаланады. Мүминге ниеттенген нәрсесінің сауабы беріледі»²¹ және «мүминнің ниеті амалынан қайырлы»²² деген секілді хадистер қай істе де мұсылман баласын ниетін таза ұстауға шақырады. Сол себепті құрбандық шалуға шамасы жоқ мұсылмандар: «Раббым, мүмкіндік нәсіп еткеніңде мен де құрбандық шалар едім», – деген ниетте болса, мейірімді Раббымыз оған да құрбандық шалған жанның сауабындай сауап жазады.

²¹ Бухари, Бәдүл Уаһи 1; Мәнәкубул Өнсар 45; Мүслим Имарә 155; Өбу Дәуд, Талақ 11.

²² Суюти, Жамиус-Сағир4/3810; Өл-Мүнауи, Фәйзул-Қадир, 6/291.

«Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаһқа жетпейді. Оған жететін жалғыз нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалық, Аллаһқа деген құрмет»

(Хаж сүресі 37)



Айт күнгі тазалық

Құрбан шалуға жағдайы жоқ кісілерге жасалған және бір жеңілдік, ол – айт күні жуынып-шайынып, тазалану. Себебі бұл тазалық оларға құрбандық шалғандай сауап әкеледі.

Абдуллаһ ибн Амр ибнул-Астың (р.а.) айтуынша, бірде Пайғамбарымыз (саллаллаһу алейһи уәсәлләм):

«Құрбан (айт) күнін мереке ретінде атап өтуге маған бұйрық келді. Бұл күнді Аллаһ тұтас үмбет үшін мереке қылды», – деді.

Осы кезде бір кісі: - *Уа, Аллаһтың елшісі! Менде елдің аманат ретінде табыстаған малынан басқа мал жоқ, сол малдан бауыздауыма бола ма?»*, – деп сұрады. Оның құрбан шалуға жағдайы жоқтығын ұққан Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уәсәлләм):

«Жоқ, шаш-тырнағыңды қысқартып, мұртыңды алып, ұятты жердің түгін қырынғаның да жеткілікті. Бұл Аллаһ есебінде сен үшін құрбандық шалғанмен тең», – деді.²³

Әйел кісі құрбандық шала ала ма?

Құрбандық шалу – мүмкіндігі бар барлық адамға уәжіп. Ислам дінінде әйел экономикалық тұрғыдан дербес, өзіндік жауапкершілік иесі болып саналады. Сол себепті егер әйелдің меншіктік құқы, өзіне ғана тиесілі байлығы нисап мөлшерінен²⁴ асса, әйелдің жеке өзі құрбандық шалуы – уәжіп.

²³ Өбу Дәуд, Өдәһи 1; Нәсәи, Даһаиа 2.

²⁴ Шаригатта байлық болып саналатын мөлшер. Ол мөлшер жоғарыда берілді.





Құрбандыққа шалынатын малдар және олардың

ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез-келген мал құрбандыққа жарамайды. Құрбандық ретінде шалынатын малдың ерекшеліктері мынадай болуы қажет:

1. Құрбандыққа қой, ешкі, сиыр, түйе секілді малдар жарамды. Ал, үйрек, қаз тауық, түйетауық, елік секілді т.б. аң-құстар құрбандыққа жарамсыз. Бұларды құрбандық ретінде шалу харамға жақын мәкрүһ болып табылады. Өйткені мұнда мәжусиларға (отқа табынушылар) еліктеушіліктің нышандары бар. Қой, ешкі, сиыр және түйенің еркектері де, ұрғашылары да құрбандыққа жарамды.

2. Құрбандыққа жарайтын қой мен ешкі ең кемі бір жасар болуы қажет. Дегенмен алты айлық қозы бір жасар қой секілді ірі, қоңды болса құрбандыққа жарамды. Ал ешкінің міндетті түрде бір жасқа толған болуы қажет. Сиыр екі жасқа, түйе бес жасқа толғанда құрбандыққа шалуға болады.

3. Құрбандық малдың дені сау, етті және дене мүшелері түгел болуы керек. Оның бойында құрбандық ретінде шалуға кедергі келтіретін кемшіліктер болмауы қажет.

4. Құрбандық мал ғибадат ретінде бауыздалуы шарт. Шын мәнісінде Аллаһ пенделердің құлшылығына да, құрбандық шалуына да зәру емес. Құрбан шалудың бізге мәлім әрі беймәлім көптеген пайдалары мен хикметтері бар. Дегенмен негізгі мақсат – Аллаһ тағаланың разылығына бөлену. Мал шалғанда пенделердің ниетінің негізге алынатындығы Құран Кәрімде былайша баяндалған: **«Ұмытпаңдар, олардың еті де, қаны да ешқашан Аллаһқа жетпейді. Оған жететін жалғыз нәрсе – жүректеріңізге ұялаған тақуалық, Аллаһқа деген құрмет»** (Хаж сүресі 37).

Малды құрбандыққа жарамсыз ететін

КЕМШІЛІКТЕР



- * Екі немесе бір көзінің соқыр болуы;
- * Бауыздалатын жерге өздігінен жүріп бара алмайтындай әлсіз, көтерем болуы;
- * Екі құлағының не бір құлағының басым бөлігінің жоқ болуы;
- * Тістері түгелдей немесе бір бөлігі түсіп қалған болуы;
- * Қос мүйізі немесе бір мүйізі түбінен сынып қалған болуы;
- * Желін ұшының түсіп қалуы;
- * Құйрығының жартысы немесе үштен бір бөлігі кесілген болуы;
- * Жілігі майсыз, ауру болуы;
- * Тумысынан құлағы мен құйрығының болмауы;
- * Жетекке көнбейтін және үйірге қосуға жарамайтындай немесе жем беруі қиын тентек болуы;
- * Ауру екендігі анық белгілі болуы.
- * Құрбандық шалуға ниеттенген адамның, сатып алған малында жоғарыда аталған кемшіліктер сатып алғаннан кейін пайда болса, орнына басқа мал алып бауыздағаны абзал. Алайда жағдайы төмен жандарға сатып алған құрбандық малында жоғарыда аталған кемшіліктер пайда болса, орнына басқасын алудың қажеті жоқ. Алған малын құрбандық ретінде бауыздай беруіне болады. Тіптен осындай кемістігі бар малды сатып алып құрбан ретінде бауыздауына да болады. Себебі жоқ-жітік жанға құрбандық шалу – нәпіл ғибадат болып саналады. Ал нәпіл ғибадаттар үшін дінімізде кеңшілік пен жеңілдік бар.

Құрбандыққа шалынған малдың желінбейтін ағзалары

Еті желінетін малдың жеті мүшесі желінбейді. Ол – харам.

1. Малдан аққан қан
2. Еркектік мүшесі
3. Ұрғашылық мүшесі
4. Еркек малдың жұмыртқалар
5. Еттегі бездер
6. Зәр торсығы
7. Өт



Құрбандық шалудың **ЖӨН-ЖОБАСЫ**

Мұсылман – Аллаһ тағалаға толықтай мойынсұнған жан. Сондықтан да Раббысына жасайтын ғибадатын өз ойынша емес, Аллаһтың белгілеген ережелері негізінде жасайды. Бұл жайлы Құран Кәрімде: **«Кімде-кім Аллаһтың нышандарын (белгілерін) ұлықтаған болса күдіксіз бұл жүректегі тақуалықтан»**, деп айтылады (Хаж сүресі 32). Сондықтан да Аллаһ тағала мән берген нәрсеге біздің де көңіл бөлуіміз өте маңызды.

Осы тұрғыда Пайғамбарымыздың (саллаллаһу алейһи уәсаләм):

«...Құрбан шалатын адам пышағын жақсылап қайрасын, малды қинамай жұмсақ бауыздасын»²⁵, – деген мына бір хадисінің астары терең.

Мүмкін болса құрбандық шалатын жан өз құрбандығын өзі шалғаны – мұстахап (ұнамды іс). Дегенмен өкілеттік беру арқылы басқа адамға да бауыздатуға болады. Құрбандық шалатын жанның мұсылман болғаны абзал.

²⁵ Мұслим, Сайд 57; Әбу Дәуд, Әдәһи 11

Құрбандық шалған кезде төмендегі жәйттарға да назар аударған жөн:

- * Құрбан шалынатын жердің таза болуына көңіл бөлу
- * Құрбан шалатын жерге малды ұрмай-соқпай апару
- * Құрбан малын құбылаға қаратып, сол жағымен жатқызу
- * Төменде келтірілген аяттарды мал бауыздалмай тұрып оқығаны абзал:

إِنِّي وَجَّهْتُ وَجْهِيَ لِلَّذِي فَطَرَ السَّمَاوَاتِ وَالْأَرْضَ حَنِيفًا

«Жүзімді мені керітартпа діндерден алыстатып, көктерді және жерді жаратқан әлемдердің раббысына бағыттадым» (Әнғам сүресі, 6/79).

قُلْ إِنْ صَلَّيْتُ وَنُسَكِي وَمَحْيَايَ وَمَمَاتِي لِلَّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ لَا شَرِيكَ لَهُ
وَبِذَلِكَ أُمِرْتُ وَأَنَا أَوَّلُ الْمُسْلِمِينَ

«Былай де: «Менің намазым да, түрліғибадаттарым да, өмірім мен өлімім де үнемі әлемдердің раббысы Аллаһқа тән. Оның серігі жоқ. Маған айтылған бұйрық осы. Оған алғашқы болып бас иген де менмін» (Әнам сүресі, 6/162-163).

- * Осы аяттар оқылғаннан кейін немесе бұл аяттар мен дұғаларды білмесе «Иә, Аллаһ тағалам, досың Ибраһим, сүйіктің Мұхаммедтен (саллаллаһу алейһи уәсаллам) қабыл алғанындай менен де қабыл ала гөр!» деп, яки осыған ұқсас дұға оқуға болады. Кейіннен «Аллаһу акбар!» және «Лә иләһа иллаллаһ» деп айтылады.
- * Құрбан шалатын адам малды қинамай жұмсақ бауыздауға көңіл бөлуі керек. Малдың көзінше жалаңдатып пышақ қайрауға болмайды. Пышақ өткір болуы тиіс.
- * Малды құбылаға қарата жатқызғаннан кейін оң қолымен «Бисмиллаһи, Аллаһу акбар» деп бауыздайды. Құрбандық малды басқа адамға бауыздатқан кісі мал бауыздалып жатқанда «Бисмиллаһи, Аллаһу акбар» деп қосса айтқаны жөн. (Малды бауыздайтын кісі бауыздарда білетұра әдейі бисмиллаһ деп айтпаса Ханафи мезхабы бойынша ол малдың еті желінбейді).

- * Малдың жаны бойынан толық шығып болғанға дейін оның терісін сыпыруға болмайды.
- * Малдың қаны толық ағып біткенше күтіледі.
- * Құрбан шалғаннан кейін сол маңайдың тазалығына да көңіл бөлу керек. Малдың қан-жынын ашық-шашық далаға қалдырмай, көміп тастаған жөн. Бұл – құрбандық малына әрі құрбан құлшылығына деген құрметтің белгісі.

Құрбандық шалудың уақыты

Ғибадат Аллаһ тағала талап еткен, белгіленген мезгілде және орында жасалуы шарт. Сондықтан құрбанның дұрыс болуы үшін діни тұрғыдан оның белгіленген уақытта бауыздалғаны жөн.

Құрбан шалудың уақыты құрбан айттың бірінші күні айт намазынан кейін басталып, айттың үшінші күні ақшамға аз уақыт қалғанға дейін жалғасады.

Жарықтандыру жүйесі нашар орындарда түрлі қателіктерге жол бермеу үшін түнде құрбандық шалу мәкрүһ болып саналады. Ал жарықтандыру мүмкіндігі жеткілікті жерлерде түнде де құрбандық шалына береді. Құрбан айтқа арнап алынған мал құрбан айтта бауыздалмаса, малдың өзін садақа ретінде атау қажет.

Үзір себептерге байланысты құрбан айт намазына бара алмай қалған адамның, намаз оқып болатындай уақыт өткеннен кейін құрбанын шала беруіне болады. Пайғамбарымыздан (саламалалайһу алейһи уасаллам) құрбан шалудың уақытына байланысты бірнеше хадис риуаят етілген. Бәрә ибну Азибтің риуаяты бойынша:

«Аллаһтың Елшісі (саламалалайһу алейһи уасаллам): «Біздің бұл күнде алғашқы жасайтын – ісіміз намаз оқу, сосын қайтып келіп, құрбанымызды шалу. Кім осылай істесе біздің сүннетімізге ергені. Ал кімде-кім бұдан бұрын құрбанын шалатын болса, бұл құрбанының отбасына берілген еттен айырмашылығы жоқ. Бұның құрбан болуы мүмкін емес». Басқа бір хадисте: *«Кімде-кім намаздан бұрын құрбанын шалса, қайтадан шалсын»,* – деп, намаздан бұрын шалынған малдың құрбандыққа есептелмейтінін ескертеді.



Құрбандыққа шалынған малдың

ЕТІ МЕН ТЕРІСІ

Бай болсын, кедей болсын құрбан айтта шалған құрбандығының етін жеуіне болады. Құрбандыққа шалынған малдың етін үш бөлікке бөліп тарату – мұстахап. Бір бөлігі – туған-туыс, көршілеріне бай болса да сыйға тартылады, екінші бөлігі – кедей және мұқтаж адамдарға, үшінші бөлігі – өзінің отбасына, бала-шағасына тиесілі. Бірақ шалынған малдың етін түгелдей кедей-мұқтаждарға таратуға да болады. Егер құрбандық шалған адам аса дәулетті болмаса және жанұясында адам саны көп болса онда құрбандықтың етін түгелдей өзінің отбасына да қалдыра алады.

Аллаһ Тағала Құран Кәрімде құрбанның еті турасында былай дейді: **«Құрбанның етінен өздерің жеңдер әрі міскіндер мен кедейлерге жегізіңдер».**²⁶

Пайғамбарымыздың (саламаллау алейһи уасаллам) шалған құрбанының етін қалай таратқандығы турасында Ибн Аббас былай деп риуаят етті: **«Пайғамбарымыз (саламаллау алейһи уасаллам) шалған құрбан-**

²⁶ Хаж, 22/28.

дығының үштен бірін – отбасына, үштен бірін – кедей көршілеріне, қалған үштен бірін садақа ретінде таратамын».

Уәжіп болсын, нәпіл болсын құрбандыққа шалынған малдың етін, терісін, сирақ-басын және сүтін сату – мәкрүһ. Құрбан малының аталмыш бөлшектері сатылған жағдайда құны кедейлерге садақа ретінде беріледі. Құрбанға шалынған малдың ешқандай бөлшегінен қасаптың ақысы ретінде төлеуге болмайды.

Хазірет Әлидің былай дегені риуаят етілді: «Аллаһтың Елшісі (сәлләлләһү алейһи уәсәлләм) түйелер құрбандыққа шалынған уақытта басында тұруымды және терілері мен жүндерін таратуымды әмір етті. Олардың ешбір нәрсесін қасап ақысы ретінде беруге маған тыйым салды. «Қасап ақысын біз өзіміз береміз», – деді.²⁷

Құрбандыққа шалынған малдың терісін кедейлерге, қайырымдылық қорларына беруге болады²⁸.

²⁷ Муслим, Хаж, 348

²⁸ Ислам ғылымхалы, 401-402-б

«Құрбанның етінен өздерің жеңдер әрі міскіндер мен кедейлерге жегізіңдер»

(Хаж сүресі)



БІРІГІШ

құрбан шалуға бола ма?

Қой немесе ешкі іспетті ұсақ малды құрбандық ретінде тек бір адам ғана шала алады. Ал түйе немесе сиыр секілді ірі-қара малдарды бір кісіден жеті адамға дейін бірігіп немесе бір дам жеке өз атынан да соя алады. Құбан шалуға біріккен кісілердің барлығының ниеті құрбандық құлшылығын өтеу мақсатында болуы керек. Егер осы адамдардың ішінен біреуі құбандыққа тек ет алу ниетімен қосылса, барлығының да құрбандығы құрбандық ретінде саналмайды.

Құрбан шалуда өкілдік

Құрбандық малын мүмкіншілігі болса, мойнына уәжіп болған адамның өзі шалғаны абзал және сауабы мол. Бірақ басқа біреуге өкілдік беруіне де болады. Құрбанды бауыздайтын адамның мұсылман болғаны абзал. Яһуди немесе Христиандарға да бауыздатуға болады. Өйткені Құранда кітап иелерінің Аллаһ тағала үшін бауыздағандарынан жеуге болатындығы баяндалған. **«Кітап берілгендердің бауыздағандары және басқа да тағамдары сіздерге халал етілді. Сендердің тағамдарыңда оларға да халал етілді».** (Мәида сүресі, 5/5).

Құрбан шалуы уәжіп кісі басқа бір адамды телефон арқылы немесе хат сияқты жолдармен өзінің орнына өкіл ретінде құрбан шалуы үшін тағайындай алады. Өкілге «менің орныма құрбан алып, шал» деп айтылған уақытта, өкіл сол адамның атына құрбан алып шалады. Хазрет Әлидің Пайғамбарымыздың орнына өкіл ретінде құрбан шалғаны жөнінде риуаят бар.



Құрбан шалуы уәжіп кісі басқа бір адамды телефон арқылы немесе хат сияқты жолдармен өзінің орнына өкіл ретінде құрбан шалуы үшін тағайындай алады.





МАРҚҰМ

*болған кісінің атынан
құрбан шалуға бола ма?*

Кез-келген адамның дүниеден озған туысына немесе қадір тұтқан кісілеріне сауабын бағыштау ниетімен құрбандық мал шалуына болады. Бірақ мойнына құрбандық шалу уәжіп болған кісі ең әуелі өз атынан құрбандық шалуға тиіс. Осыған дәлел ретінде Әбу Дәуд өзінің «сунән» атты еңбегінде «Қайтыс болған кісінің атынан құрбандық шалу» деген бөлімінде мына хадисті келтіреді:

«Әзіреті Али (р.а.) біреуін өзі үшін екіншісін Пайғамбарымызға атап екі құрбандық шалатын. Бұның себебін сұрағандарға ол: «Аллаһтың елшісі кеудемде жаным бар кезде Өзі үшін құрбандық шалуымды өсиет етіп кетті», – деп жауап берген екен».

Бұл жерде мына мәселеге де басты мән беру керек; егер қайтыс болған кісі өз атынан арнайы құрбан шалуды өсиет етіп айтып кеткен болса, бұл құрбандық осы айт күндері шалынуы тиіс. Құрбандық шалған адам оның етін жей алмайды. Оның етін толығымен таратуы керек. Егер қайтыс болған кісі арнайы өсиет етпей, бірақ сөйте тұра оның артынан қалған дүние-мүліктен алынып құрбан шалынса да оның үкімі әлгіндей болады.

Ал марқұм өсиет етпеген, бірақ сіз ізгі ниетпен өз қаражатыңызға мал сатып алсаңыз оны құрбан айт күні, немесе басқа кез-келген уақытта шалуға болады. Мұндай құрбандықтың етін жоқ жітікке таратуға да өз отбасыңызға да қалдыруға болады.

Ақиқа құрбаны

Нәресте дүниеге келгенде шүкіршілік ретінде шалына-тын құрбан «ақиқа» деп аталады. «Ақиқа» сөзі – араб тілінде жаңа туған сәбидің шашының атауын атауын білдіреді. Ақиқа құрбандығын шалу – нәпіл ғибадат. Ардақты Пайғамбарымыз (салауаллаһу алейһи уасаллам) немерелері Хасан мен Хүсейін туылғанда қошқар шалған. Сондай-ақ үмбетіне ұл не қыз туылғанда құрбандық шалу керектігін білдірген.

Сүйікті Пайғамбарымыздың (салауаллаһу алейһи уасаллам) бұл ісі діни талап емес, ондағы мақсат – нәрестенің дүниеге келу қуанышын басқалармен бөлісу, адамдар арасындағы бауырластық қатынастарды нығайту.

Ақиқа құрбанын нәресте дүниеге келген жетінші күні шалу – мұстахап (ұнамды іс). Дәл осы күні нәрестеге ат қою, шашын алып, шашының салмағындай алтын не күміс садақа таратуға кеңес берілген. Дегенмен, ақиқа құрбанын нәресте туылғаннан кәмелетке толғанға дейінгі аралықта шалуға да болады.

Құрбандыққа жарайтын малдарды ақиқа құрбаны ретінде шалуға болады. Шалынған құрбандық етін қаласа жанұя мүшелері өздері жейді, қаласа дос-жаран, жоқ-жітікке садақа ретінде де таратуға болады.

Нәзір құрбаны

«Нәзір» – адамның көптен көңілін күпті еткен бір ісі орындалғанда я болмаса былай да бір ақсарбас шалам дегендегі атаған малы. Ол – Аллаһқа берген уәдесін орындауға жатады. Мысалға, ауырып жатқан адам осы ауруымнан айықсам, бір қойды құрбандыққа шаламын деп ниет етсе, ауруынан айыққан жағдайда, бір қой шалуы – уәжіп.

Нәзір құрбанына шалынған малдың етінен, шалған адамның өзіне, балаларына, немерелеріне және әке-шешесіне тіпті ата-әжелеріне жеуге болмайды. Түгелдей садақа ретінде кедейлерге таратылуы тиіс. Шалынған құрбанның бір бөлшегі аталмыш адамдар тарапынан желінген жағдайда сол желінген бөлшектің құнын кедейлерге тарату керек.²⁹

²⁹ Ислам ғылымхалы, 403-б.

ҚҰРБАН АЙТ НАМАЗЫ



«Аллаһу акбар, уаллаһу акбар, Аллаһу акбар, уәллаһил-хамд»

Айт – араб тілінде «мейрам» деген мағынаны білдіреді. Айт намазын оқудың уәжіптігі Құран мен сүннетте айтылған. Біріншісі – Рамазан айты, екіншісі – Құрбан айт.

Аллаһ елшісінің (салаллаһу алейһи уәсаллам) екі айт намазын оқығаны жайлы хабар «тәуатүр» (бұлтартпас, анық) жолмен бізге жеткен. Пайғамбарымыздың (салаллаһу алейһи уәсаллам) алғашқы оқыған айт намазы – хижраның екінші жылындағы Рамазан айт намазы.

Бұл жайлы Ибн Аббас: «Аллаһ елшісі (салаллаһу алейһи уәсаллам) Әбу Бәкір, Омарлармен бірге Рамазан айт намаздарына қатыстым. Барлығы да айт намазын хұтпадан бұрын оқыды» деген.

Басқа бір хабарда ибн Аббас: «Аллаһ Елшісі айт намаздарын азансыз, қаматсыз оқыды», – деп риуаят еткен³⁰.

Жұма намазы парыз болған жандарға осы екі айт намаздары да – уәжіп. Бірақ айт намаздарында хұтпа намаздан соң оқылады. Бұлай оқылуы – сүннет. Айт намаздарының алғашқы уақыты – күннің көкжиектен найза бойындай көтерілгендегі уақыт. Ол бесін намазы кіргенге дейін жалғасады.

³⁰ Әбу Дәуд, Әдаһи 7.

Айт намазы – екі рәкат. Жамағатпен жария түрде оқылады. Азан мен қамат оқылмайды. Имам «Екі рәкат Құрбан айт намазына ниет еттім» деп ниет етеді. Жамағат «Екі рәкат айт намазына ниет еттім, ұйыдым имамға» деп ниет етеді. «Аллаһу акбар» деп, ифтитах (ашу, бастау) тәкбірі алынады. Қолдар байланып, имам мен жамағат бірге құпиялай «Субханака Аллаһумма» дұғасын оқиды. Одан кейін имам – жариялай, жамағат – құпиялай «Аллаһу әкбар» деп, үш рет тәкбір алады. Әрбір тәкбірді айтқанда қолдар жоғары көтеріліп, екі жанына түсіріледі. Әрбір тәкбірдің арасында үш тәсбих айтылатындай сәт тұрады. Үшінші тәкбірден кейін қолдар байланып, имам «Ә'узу» мен «Бисмиллаһты» құпиялай, одан кейін «Фатиха» мен қосымша сүрені жариялай оқиды. Осыдан кейін жариялай «Аллаһу әкбар» деп рүкүф пен сәждеге барады. Жамағат та құпиялай тәкбір алып, имамға ұйыйды. Содан кейін екінші рәкатқа бастайды. Имам құпиялай – Бисмиллаһ, жариялай – «Фатиха», содан кейін қосымша сүре оқиды. Міне, осыдан кейін осы жерде алғашқы рәкаттағыдай үш рет тәкбір алады. Бұдан кейін имам – жариялай, жамағат – құпиялай «Аллаһу әкбар» деп, рүкүф пен сәждеге барады. Одан кейін отырып, «әт-тахият», «салауат», «рәббәнә» дұғасы оқылып, екі жаққа сәлем беріледі. Яғни, бұл айт намаздарының әрбір рәкаттарында үш қосымша тәкбір бар. Бұл тәкбірлер – уәжіп.

Хұтпашы айт намаздарының артынан мінберге шығып, тіке тұрып, жұмадағыдай екі хұтпа оқиды. Айт хұтпаларында тәкбірмен басталып, жамағат та осы тәкбірге жайлап қосылады. Жұма намазындағы сүннеттер мұнда да сүннет. Мәкрүһ болған нәрселер, бұл жерде де – мәкрүһ. Айт хұтпасының намаздан бұрын оқылуы – мәкрүһ.

Имам бірінші рәкатта айт тәкбірлерін ұмытып, «Фатиханы» оқып жатқанда есіне түссе, дереу тәкбірлерді алып, «Фатиханы» қайта оқиды. Бірақ «Фатиха» мен Құранды оқығаннан кейін есіне түссе, тек қана тәкбірлерді алады. Қайта оқудың қажеті жоқ.³¹

³¹ М.Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы, Ислам ғылымхалы, 178-179- б.

Айт намазының тәкбірлеріне кешігіп қалған жағдайда...

Айт намазының алғашқы рәкатына қосымша тәкбірлер айтылған соң үлгеріп имамға ұйыған адам ифтитах тәкбірді алғаннан кейін, «Субханаканы» оқымай дереу қосымша тәкбірлерді алады. Егер имам рүкүфте тұрған кезде үлгерсе, дереу түрегеп тұрған күйі тәкбір алып, рүкүфке барады. Рүкүфтегі тасбихтердің орнына қосымша тәкбірлерді қолдарын көтермей сол жерде айтады. Егер үлгере алмаса, ештеңе керек емес. Егер имамға екінші рәкатта үлгерсе, имам сәлем бергеннен кейін, оқи алмаған рәкатты қаза ету үшін қиямға барғанда қосымша тәкбірлерді «Фатиха» және қосымша сүреден кейін құпия алады.

Айт намазына үлгере алмаған адам жеке өзі айт намазын оқи алмайды. Қаласа төрт рәкат намаз оқиды. Бұл сәске намазының орнына жатады.

Құрбан намазын кешіктірмей, ал, Рамазан айт намазын аздап кешіктіру – сүннет. Рамазан айтта айт намазынан бұрын құрма секілді бір нәрсе жеу, Құрбан айтында болса, айт намазы оқылмай тұрып ештеңе жемеу – мұстахап.

Бурәйда (р.а.) былай дейді; *«Аллаһ Елшісі (саллаллаһу алейһи уәсаллам) Рамазан айтында дәм татпай үйден шықпайтын. Ал құрбан айтында намаз оқығанға дейін еш нәрсе жемейтін»*³².

Тәшриқ тәкбірі

Бұл тәкбір құрбан айт күндеріне ғана тән. «Тәшриқ тәкбірінің» айтылу тәртібі төмендегідей:

«Аллаһу акбар, Аллаһу акбар, ләә илһәә иллаллаһу уаллаһу әкбар, Аллаһу акбар уә лиллаһил-хамд»

Мағынасы: «Аллаһ тағала аса ұлық (2 рет), Аллаһтан басқа тәңір жоқ! Аллаһ тағала аса ұлық (2 рет)! Күллі мадақ тек Аллаһқа ғана лайық!».

Тәшриқ тәкбірінің уақыты Зүлхижжаның тоғызыншы күні, яғни айттан бір күн бұрынғы «арапа» күні таң намазынан бастап құрбан айттың төртінші күнінің намаздыгер

³² Ахмад ибн Ханбәл, III, 232.



*«Аллаһу акбар, Аллаһу акбар,
ләә иләһә иллаллаһу уаллаһу
әкбар, Аллаһу акбар уә
лиллаһил-хамд»*

уақытына дейін парыз намаздарының сәлемінен соң айтылады. Бұл тәкбірлерді айту – намаз оқуға міндетті әрбір жанға уәжіп. Мейлі жеке оқысын, мейлі жамағатпен оқысын тәшриқ тәкбірлерін айтуы керек. Егер қандай да бір намаздан кейін тәшриқ тәкбірін айтуды ұмытып кетсе, онда сол күндері оқылатын кез-келген намаздың парызынан кейін қаза етіп айтады.

Құрбан айттың алғашқы күні

Құрбан айт – діни мереке. Хадистерде жылдың ең қадірлі күні құрбан айттың алғашқы күні екендігі айтылған. Пайғамбарымыз (саламаллаһу алейһи уәсәлләми) бұл жайында: *«Аллаһ үшін күндердің ішіндегі ең ұлығы – Құрбан айттың бірінші және екінші күні»*³³, – деген. Құрбан айттың бірінші күнінің артықшылығы мен ерекшелігі сол күні Аллаһ тағаланың разылығына бөленуге сеп болатын ең маңызды амалдың істелетіндігінде.

Аллаһ елшісі (саламаллаһу алейһи уәсәлләми): *«Аллаһ үшін (құрбандық ретінде) қан шығарудан ұнамды іс жоқ. Және ол (құрбан) қиямет күні алдынан шығады»*,³⁴ – десе, тағы бірде: *«Адам баласы Құрбан айт күні қан шығарудан (құрбандық шалу) абзал амал арқылы Аллаһ тағалаға жақын болған емес. Құрбандық ретінде шалған малы қиямет күні мүйіздері, тұяқтары және жүндерімен келеді. Ағызылған қан жерге тамбай тұрып Аллаһ тағаланы құзырында ерекше жоғары дәрежеге жетеді. Сондықтан да шын жүректен әрі ризашылықпен құрбандарыңды шалыңдар»*,³⁵ – деп, құрбандық шалудың қаншалықты сауапты іс екенін шегеліп айтқан.

³³ Суюти, Жамиус-сағир, 2/3; Өбу Дауд, Мәнәсик 19

³⁴ Шәуқани, Нәйлүл-аутар, 5/108

³⁵ Ибн Мажа, Адахи 3; Тирмизи, Адахи 1



ҚҰРБАН АЙТ

мерекесін қалай атап өтеміз


Жақсылап ғұсыл құйынғаннан (денені толықтай жуу) кейін әдемі, таза киімдерін киіп, үстіне хош иіс сеуіп, мешітке айт намазына бару – мұстахаб (жақсы амалдарға жатады). Айт намазын оқығаннан кейін құрбан шалу міндеттелген жандар құрбандықтарын шалып, етін осы кітапшада көрсетіген тиісті адамдарға таратады.

Айт күні мұсылмандар көрші-қолаң, туыс-туғанды қыдырыстап, «Айт құтты болсын» айтысады. Айт күндері мейлінше көтеріңкі көңіл-күйде, жылы жүзді, кешірімді болуға тырысу керек. Ренжіскен кісілер қайта табысып, Айтта бір-бірін кешіріскен жөн. Ауырып жатқан кісілердің көңілін сұрап, арнайы бас сұғу, жетім, жесір, мұң-мұқтаждарға қол ұшын беріп, көмектесе алса көмектесу, оларға да айттың қуанышын сездіру өте сауапты істерге жатады. Бұған қоса, әке-шешесіне, жанұясындағы жандарға, көрші-қолаң, жора-жолдастарына мүмкіндігінше кішігірім болса да сәлем-сауқат, сый-сыяпат жасап айт мейрамын ерекше өткізуге де болады. Айтта осындай амалдардың жасау қоғамдағы адамдардың бір-біріне деген жылылықтары мен сыйласымдықтарын барынша арттырады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ахмад ибн Ханбал. Муснад. Египет, 1949.
2. Бухари, Әбу Абдилла Мұхаммед ибн Исмаил, Әл-Жамиус-сахих 1987 ж.
3. Мәлик ибн Әнас. Муатта. Египет 1951 ж.
4. Мұхаммед бин Са'д, әт-Табақату'л-Кубра, 1972 ж.
5. Муслим. Әбул-Хусейн ибн Хажжаж Сахих, 1973 ж.
6. Тирмизи, Мухаммад ибн Иса, Сунан, 1937 ж.
7. Ислам ғылымхалы. М. Исаұлы, Қ. Жолдыбайұлы. А., «Алтын қалам», 2006.
8. «Құрбан айт» кітапшасы. Алматы, 2007ж.

БҮКІЛ ІРІ КІТАП ДҮКЕНДЕРІНДЕ



УЛЫҚ ИМАМ - ИМАМ АҒЗАМ
ӘБУ ХАНИФА
(ВЕЛИКИЙ ИМАМ - ИМАМ АТЗАМ)


Қазақстан мұсылмандары
діни басқармасының төрағасы, Бас мұфти
ӘБСАТТАР ҚАЖЫ ДЕРБІСӘЛІ

ISBN 9965-809-28-3

**КҮДІКПЕН
КҮРЕС**

ҚАЙРАТ ЖОЛДЫБАЙҰЛЫ

ISBN 9965-809-44-5



тел./факс: 8(727) 245-60-97

www.kokzhiek.kz



ҒАЛАМНЫҢ РАҚЫМ НҰРЫ

МҰХАММЕД ПАЙҒАМБАР

САЛЛАЛАҒУ АЛФЙНИ УСОЛЛАМ

ФЕТХУЛЛАҒ ГҮЛЕН


ISBN 9965-809-27-5

НАМАЗ

ОҚЫП ҮЙРЕНЕЙІК

НҰРЛАН САЙЛАУҰЛЫ
ЕРКЕБҰЛАН ЫБЫРАЙЫМҰЛЫ

ISBN 9965-809-42-9



ҚҰРБАН АЙТ



«Алладан өздеріне
ризық ретінде берілген
құрбандық малдарды
белгілі күндерде Алланың
атын айтып, құрбандық
шалсын. Оның етінен
өздерің де жеңдер, жоқ-
жітікке де жегізіңдер!»

(Хаж сүресі, 27-28).



тел.: 8(727) 245-60-97

ISBN 9965-809-43-7



www.kokzhiek.kz

